

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҢА ДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ –
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

25 мамыр 2016 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

25 мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IX Astana Economic Forum

PART I

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-І 551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент
Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)

ББК 65.9(5Қаз)-551я431

недостаточно для обновления их материально-технической базы. Поэтому следует стимулировать внешних инвесторов вкладывать средства в развитие казахстанского туризма.

Воздействие социально-экономических предпосылок на формирование и развитие туристских кластеров зависит от характера экономики той или иной территории. Учет социально-экономических особенностей региона имеет существенное практическое значение, так как позволяет глубже и полнее проанализировать различные стороны формирования кластеров, разработать более эффективную стратегию его развития, рационально использовать движущие силы, формирующие кластер.

Литература:

1. Концепция развития туристской отрасли Республики Казахстан до 2020 года.
2. Никитинский Е.С., Вуколов В.Н. Формирование индустрии туризма в Казахстане за годы государственной независимости // Агентство РК по туризму и спорту, Казахская академия спорта и туризма. Материалы Межд.научно-практической конференции. - Астана, 2006.
3. Уахитова Г.Б. Туристский потенциал Республики Казахстан // Вестник Евразийского гуманитарного института. - 2007. - № 1. - С.79-88.

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИ-ТАРИХИ МҰРА НЫСАНДАРЫНЫҢ ТУРИЗМ САЛАСЫН ДАМУҒА ӘСЕРІ

Ауезова З.Т., Алишева М.Б., Рысбекова А.К., Иманусенов Н.А.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қ., Қазақстан Республикасы

e-mail: marzhanka_krg@mail.ru

Туризмнің қарқынды дамуына Қазақстанның бай тарихын, археологиялық ескерткіштерін, архитектура мен қала құрылысының тарихын, сондай-ақ халықтардың өзіндік мәдениетін, табиғи және мәдени ескерткіштерін жатқызады.

Соңғы уақытта туризм индустриясы – халықаралық сауда қызметінің жедел дамып келе жатқан түрі. Әсіресе, халықаралық туризмнің дамуы валюта қорының молаюына, мемлекет бюджетінің толығына, жұмыссыздықтың азаюына, жұмыс орындарының көбеюіне, халықтың өмір сүру жағдайының көтерілуіне, яғни Қазақстанның тұрақты дамуына мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда туризм тек елдер арасындағы мәдени байланысты дамытуға ғана емес, өнеркәсібі дамыған, сондай-ақ дамушы елдердің маңызды әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде елеулі рөл атқарады. Әлемдік туризмнің дамуын ХХІ ғасырдың стратегиялық және экономикалық жоспарының басым бағыты ретінде қарастырады. Қазақстан туризмі – қоғамдық өмірдің күрделі, көп қырлы, жан- жақты көрінісі, ол экономиканың пайдасы жоғары және серпінді салаларының бірі болуы мүмкін. Туризмнің әлеуметтік-экономикалық дамудың жылдамдатушысы бола отырып, шаруашылықтың көлік пен байланыс, сауда, халық тұтынатын тауарлар өндіру, ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету сферасы, құрылыс т.б. сияқты негізгі салаларына әсері өсіп келе жатыр. Соған қарамастан еліміздің туристік әлеуетінің үлкен бөлігі игеруді күтіп тұр.

Соңғы уақытта туризм айтарлықтай дамып, жаппай әлемдік кеңістік және әлеуметтік-экономикалық құбылыс жағдайына жетті. Оның қарқынды дамуына әрдайым дамып отыратын жер шарындағы елдер мен халықтар арасындағы саяси, экономикалық, ғылыми және мәдени байланыстар ықпал етеді. Туризмді «ХХ- ғасырдың феномені» деп атайды, бұл шынында да солай, себебі оның жаппай дамуы миллиондаған адамдарға өз Отаны мен басқа елдер тарихы туралы білімдерін кеңейтуге, оларды нақтылап, тұрақтандыруға, кейбір тарихи уақиғалар мен құбылыстардың барысы мен мағынасын жақсырақ түсінуге, елдердің көрнекі жерлерімен, басқа халықтардың дәстүрлері және тұрмысымен танысуға мүмкіндік берді.

Туризм – жай әуестік немесе сән емес, ол көпшіліктің өмірлік сұранысы.

Орталық Қазақстанның туризм саласын дамытудағы ерекшелігі тарихи-географиялық Сарыарқаның басты бөлігін алып жатыр. Мұнда Қарқаралы ұлттық саябағы, Балқаш көлі, тарихи ескерткіштерден Алаша хан, Жошы ханның кесенесі, ежелгі археологиялық ескерткіштер және көптеген қорғандар сақталған. Орталық Қазақстан солтүстікте Сарыарқаның ұсақ шоқылы қырқалары мен жондарымен, оңтүстіктегі Балқаш көлі және Бетпақдаламен, батыста Торғай қолатының шығысы мен Тұран ойпатымен, шығысында Мыржық тауы мен Дағанделі өзендерінің аңғарымен шектесіп жатыр.

Ауданның басым бөлігін Сарыарқаның ұсақ шоқылары алып жатыр. Күшті мүжілуге ұшыраған бұл ежелгі таулы аймақ қазіргі кезде төбелі қырқалар, сүйір шынды шоқылар мен тұзды көлдер және қазаншұңқырлар кезектесіп келетін жазыққа айналған. Көптеген тау төбелері мен жартастар миллиондаған жылдар бойы жел мен жаңбыр, ыстық пен аяз, қар мен ағын судың әсерінен мүжіліп, айырықша таңғажайып пішіндерге ие болған.

Қазақтың ұсақ шоқысы (Сарыарқаның) ең биік таулары қатарына Ақсораң (1565 м), Қарқаралы (1403 м), Ұлытау (1133 м).

Аудан аумағындағы ірі көлге – Балқаш көлі жатады. Ол – көлемі жағынан Қазақстандағы 3-ші көл. Оның батыс бөлігінің суы тұщы, шығысында тұзды.

Орталық Қазақстан – республикамыздағы ірі индустриалды аудандардың бірі. Көлік түрінің негізін теміржол атқарады. Ірі қалалары: Қарағанды, Жезқазған, Теміртау, Балқаш.

Бұл аймақ-табиғи байлықтың қазына қоймасы. Мұнда Қарқаралының ерекше таулы-орманды шұраты орналасқан. Ұлытау тауларының әсем көріністері туризмнің белсенді түрлеріне әуесқойларды жайбарақат қалдырмайды. Орталық Қазақстан – бұл мыңжылдықтар кездесетін жер. Кейінгі археологиялық қазбалар Сарыарқа далаларының Ұлы Жібек жолының сауда және мәдениет аясына енгендігіне куәгер бола алады. Оған археологтардың тапқан Үнді-Қытай мен Орта Азияда жасалған заттар куә бола алады.

Орталық Қазақстанның туристік аумағына ең ірі көл Балқаш көлінің, сонымен қатар таулы-орманды Қарқаралы ұлттық саябағының маңызы және Ұлытау аймағында тарихи ескерткіштер көптеп кездеседі. Облыста тарихи танымдық, мәдени, ғылыми, археологиялық туристік нысандар орналасқан.

Қазақстанның орталық аумағында таулы-далалы кең байтақ жер-Сарыарқа деп аталады. Атақты қазақ ақындары жырға қосқан ерекше ландшафт Сарыарқада көшпелі тайпалар артына өшпес із қалдырды. Осынау жерде көне тарихының айғағындай тас ғасыры мен неолит дәуірінің алғашқы аңшылары, қола дәуірінің малшылары мен металлургтері қалдырған материалдар мейлінше мол. Осындай куәлер қатарына жартастағы бейнелер де жатады, бірақ, бір өкініштісі-Қазақстандағы жартас суреттерінің картасында Сарыарқаның орталық өңірлері тым сирек көрсетілген.

Бұл мәселедегі басты аймақ Сарыарқа су айырығы ерекше көзге түседі. Онда нақыштауға қолайлы тау жыныстары көп. Мұндағы жартас суреттері бір-бірінен үлкен біршама қашық жерлерде жатыр. Мұнда көне заманның бейнелеу өнері көрініс тауып, көбінесе табиғи жабық (жабынды тастың асты) барынша тегіс гранит және диорит тастардың бетіне түрлі-түсті бояулармен салынған.

Орталық Сарыарқадағы жартас суреттердің тағы бір тамаша ескерткіші Шерубай-Нұра өзендерінің жоғарыдан қосылатын бұлақтардың бірінің сағасындағы Тесіктас үңгірі.

Өзара бақталас ерікті кәсіпкерлерден басқа геологтар мен тау-кен инженерлері де кезінде кен орындарына барлау жүргізді. Кен орнына таяу жерден карьерлер, шахталар мен үйінділер секілді ежелгі кен өңдеу іздері табыла бастады. Атақты Ә.Х. Марғұлан былай деп жазған: «Б.з.д. II мыңжылдықтың екінші жартысында» Орталық Қазақстан Еуразия құрылығындағы маңызды металлургия орталықтарының бірі болды. Ол кезде мыс тек жергілікті қажеттіліктер үшін ғана өндірілген жоқ, тайпааралық кен айырбасы үшін де өндірілді. Оған мыналар айғақ:

1. Ежелгі қазба іздерінің көптігі, яғни бір ғана Қарағанды облысында ғана жүздеп саналады.

2. Ежелгі кен балқытылған және металлургия өндірісінің орындары (тау кен құралдары, қождар, іріктелген кендер сақталған Атасу, Ұлытау, Суықбұлақ, Шортанды бұлақ және басқа да қоныстар), мұндай ежелгі кеншілер қоныстары бізге дейін сақталған.

3. Кен байыту және маңайларында тозған еңбек құралдары мен ежелгі кен орындарының торланған іздері қалған ежелгі суландыру жүйелерінің, су айдындарының, бөгендердің, бөгеулердің қалдықтары секілді флотация орындары.

4. Қола құралдар, кейіннен темірден жасалған ежелгі кеншілердің қазу барысында табылған қару-жарақтар мен әшекей бұйымдары.

5. Орталық Қазақстандағы тас мүсіндердің даму жолдарын, олардың даму жағынан біріне-бірі байланысты тарихи екі дәуірді қамтитындығын аңғаруға болады.

Қазақстанның Орталық аймағы-Сарыарқа өлкесі тарихи мұраларға бай өлке. Тарихи дамуда кез келген халық өзінің ұлттық мәдениетін дамытуда, өзінің өткен кезеңдеріне сын көзбен қарайды, ұлттық мұраға назар аударады. Арқа өңірінің бір ерекшелігі- кең далада орналасқан тарихи жәдігер. Ұлытау-Нұра өңірлерінде тарихи ескерткіштердің қалыптасуына бұл жерлердің солтүстіктен оңтүстік облыстарға өтетін керуен-көш жолдарының бірнеше тармақтарының ерте кезден бастап, кейінгі уақытта қазақ хандығы заманымен байланыстылығы. Осы өңірдегі көне замандардан келе жатқан, ерте орта ғасырларда жалғасын тапқан тарихи дәрежедегі дындар, обалар, қорымдар, күмбездер болды. Біздің зерттеу нысанымыз тарихи-мәдени ескерткіштер. Сонымен қатар, аталмыш өңірлерде археологиялық ескерткіштер, тастағы таңбалар, қола дәуірінің қоныстары, қола кезеңінің металлургия ошақтары, діни-ғұрыптық тас мүсіндері көптеп кездеседі.

Сәулеткерлік мән мағынасы өте жоғары жәдігерлерді сипаттау, тарихи оқиғаларға байланысты баяндау XVI ғасырдан басталады. Шығыс (Орта Азия) саяхатшылары мен ғалымдарының тарихи жазбалары Арқа өңірінің ескерткіштеріне арналған жазбаша деректер қорының бастамасы болды. Орталық Қазақстанның тарихи ескерткіштері XX ғасырдың I-ші жартысынан бастап, ғылыми тұрғыда зерттеле бастады. Зерттеу жұмысының бастамасы ретінде 30-шы жылдары Ұлытаудың тарихи ескерткіштеріне алғашқылардың бірі болып академик Қ.И. Сәтпаев назар аударды.

Сонымен қатар, Орталық Қазақстан Археологиялық экспедициясымен бірлесе Қазақ КСРО-ның Министрлер Кеңесінің архитектуралық басқармасынан архитектор суретші М.Б. Левинсон және Ғылым Академиясының кіші ғылыми қызметкері архитектор Г.Г. Герасимов Қаракенгір өзені бойындағы архитектуралық ескерткіштерді зерттеуге, сондай-ақ кейбірін қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге жіберілді. Осы уақытқа дейінгі жинақталған материалдардың ішінде тек қана Алаша, Жошы хан кесенелері туралы ғана емес, Орталық Қазақстандағы сәулет өнері туралы, оның тарихи тамыры туралы, аса құнды ғылыми мәліметтерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Ә.Х. Марғұлан бастаған археологиялық экспедициясы жинақтады.

Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының нәтижелерін Ә.Х.Марғұлан 1949 ж. Жошы хан, Алаша хан кесенелерін қысқаша баяндай келіп, осы өңірдің сәулет өнеріне қатысты бірнеше мәселелерді зерттеді.

Архитектура саласында 1951 ж, Мәскеуде «архитектура республики Средней Азии» атты кітап баспадан шығып, онда сәулет өнерін зерттеуші М. Мендіқұловтың Орталық Қазақстан архитектуралық ескерткіштері Жошы хан, Аякқамыр, Алаша хан кесенелеріне сараптама жасаған мақаласы жарық көрді. Орталық Қазақстанның ортағасырлық кесенелеріне арналған архитектор Г.Герасимовтың еңбегі Қаракенгір өзені бойындағы сәулет-құрылыс өнерінің архитектуралық ерекшеліктеріне жан-жақты сипаттама берді.

Бұл еңбекте Ұлытау өңірінің ортағасырлық ескерткіштерімен қатар XIX ғ. архитектуралық ескерткіштері Дүзен, Досмырза, Төртқара кесенелеріне ғылыми сараптамасы, жалпы сипаттамасы, сәулеткерлік ерекшеліктері баяндалған.

1980-90 жж. Орталық Қазақстан көлеміндегі жәдігерлерді зерттеу жұмыстарын Материалдық мәдениет ескерткіштерін ғылыми-зертеу және жобалау институтының ғылыми қызметкерлері М.Сембин, Е.Х.Хорош, Т.Төреқұлов және т.б. жүргізді. Бұл кезеңдегі зерттеу

жұмыстарының негізгі бағыты сәулеткерлік өнер туындыларына төлқұжат толтыру және Республикалық дәрежедегі жәдігерлердің сақталу дәрежесіне байланысты қайта қалпына келтіру жұмыстары болды. Орталық Қазақстанның сәулеткерлік өнері жайлы А.Сейдімбеков 1981 ж. «Күңгір-күңгір күмбездер» еңбегінде жазды. Еңбек ғылыми-мазмұнымен ғана емес сонымен бірге көркемдік жағынан құнды. Аталмыш еңбекте Алаша хан, Жошы хан кесенелеріне қатысты тарихи аңыздар келтірілген. Орталық Қазақстанның батыс өңірінің ескерткіштерінің дамуында, қалыптасуында өзіндік ерекшеліктер болды. Қола дәуірінің негізгі ескерткіштерінің қатарына таудағы мыс пен кен орындары жатады; осы кезде жартасқа сурет салу өнері гүлденеді. Одан кейін күрт континентальды климат- боранды суық қыс, өзендер мен бұлақтар тартылып қысқа көктем, құрғақ жаз және дауылды құрғақ күз мұның бәрі қуаңшылық аймақта өмір сүруге бірден-бір мүмкіндік беретін көшпелі тұрмыстың пайда болуына түрткі болды. Орта ғасырлардағы материалдық ескерткіштер салыстырмалы түрде көп емес, ал петроглифтер бейнелеу дәстүрінің жиі өзгеруі және көшіп-қону бағыттары Сарыарқаның оңтүстік ылдиын бойлай өтетін халықтардың тұрмыс-тіршілігінің өзіндік көрінісін айқындап береді. Солтүстік Балқаш маңындағы әйгілі екі ескерткіш-Бесоба мен Қалмақемел бұл өңірдегі терең тарихтың сырлы куәсі.

Бесоба жазығының геологиялық қыртыстарында кездесетін петроглифтердің жалпы саны мыңнан асады. Бұл жер неолит және одан кейінгі қола дәуірінде өмір сүруге аса қолайлы болған сияқты: б.з.д. II мыңжылдық қоныстары мен зираттары бұл жерден әзірше табыла қойған жоқ, бірақ Бесоба жартас суреттерінің жартысынан көбі осы кезеңге жатады. Қола дәуір өнерінде ат бейнесі басым, антропоморфтық пішіндер қатысатын көріністер сиректеу болса да аттар тізбегі және қос доңғалақты арбаның жалғыш пішіні бейненің жан-жақтылығын танытады. Ерте сақ дәуірінің өте сирек петроглифтері көлденең тегістіктерде кездеседі, олар, әдетте, басқа дәуірдің композициясынан оқшау тұрады. Бірақ, сақ дәуірінің суреттері мүлдем жоқ, сірә, б.з.д. I мың жылдықтың екінші жартасында Бесоба алабында тұрақты тіршілік бұзылып, жартас суреттерін салу дәстүрі үзілген сияқты.

Сарыарқаның бас су айырығынан оңтүстікке қарай Солтүстік Балқаш маңында кең байтақ таулы-далалы шөлейт созылып жатыр. Еліміздегі табиғаты қатал бұл өңір жартас суреттері петроглифтер ерекше оқшау көрінетін аса ғажап көне мәдени ескерткіштерді сақтап келді. Олардың тұңғыш рет зерттеу жұмыстарын 1960-шы жж. геологтар А.Г. Медоев пен Б.Ж. Әубекеров жүргізген болатын. Көптеген ескерткіштер өз зерттеушілерін әлі де күтуде. Бүгінде белгілі болған петроглифтер Солтүстік Балқаш ескерткіштерінің өзіндік ерекшеліктерін айқындауға және Қазақстанның жартас өнеріндегі орнын анықтауға мүмкіндік береді. Орталық Қазақстанда ежелгі металлургия ерте қола дәуірінде дами бастады да ортағасырға дейін өрістеді. Ежелгі тау-кен ісі мен металлургияның жаппай таралуы қола дәуірінде байқалады. Сонымен кейінгі қола ғасырына, Беғазы-Дәндібай мәдениеті кезеңінде ерекше қанат жайды. Ғасырлық дәстүрді ары қарай дамыту үшін археологиялық және тарихи жәдігерлерді заманауи кешенді қолдану, жаңадан тарихи және мәдени ескерткіштерді ашу, кесенелерді қалпына келтіру, ежелгі қалаларды тарихи-мәдени орталық ретінде құрастыру болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Сарыарқаның көне ескерткіштері: тас ғасыры, қола дәуірі. –Қарағанды, 2010.
2. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының археологиялық картасы
3. Ұлытау-Нұра өңірлерінің тарихи-мәдени ескерткіштері /Аршабеков Т.Т., Жұмабеков Ж.А. – Қарағанды, 2010.
4. Сарыарқа- далалық өркениеттің алтын бесігі / Бейсенов А.З. 2011.
5. <http://kazembro.kz/?kazakhstatype=zhalpy-a%D2%9Bparat>